



RAZER TETRA

РУКОВОДСТВО ПОЛЬЗОВАТЕЛЯ
ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Razer Tetra - бұл бір құлаққаппен сөйлесу үшін арналған консолды гарнитура, ол бір уақытта сіздің аудио жүйеңіздің дыбысын тыңдауға және жолдастарыңызбен сөйлесуге мүмкіндік береді. Салмағы 70 г бола тұра, дауысты оңтайлы қармау үшін айналмалы кардиоидты микрофонмен жабдықталған. Енді сіздің командаларыңыз кез-келген шайқастың ортасында қатты және айқын болады.


МАЗМҰНЫ

1. ЖИЫНТЫҚТЫҢ ҚҰРАМЫ / НЕ ҚАЖЕТ	3
2. КЕПІЛДІК ТУРАЛЫ ОЙЛАЙТЫН УАҚЫТ КЕЛДІ	4
3. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ.....	5
4. ГАРНИТУРАНЫ ПАЙДАЛАНУ	6
5. ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	7
6. ЗАҢИ АҚПАРАТ.....	8

1. ЖИЫНТЫҚТЫҢ ҚҰРАМЫ / НЕ ҚАЖЕТ

ЖИЫНТЫҚТЫҢ ҚҰРАМЫ

- Razer Tetra ойын чатына арналған гарнитура



- A. Реттелетін басшық
- B. Жасанды былғарыдан жасалған амбушюр
- C. Пеноматериалдан жасалған саптамасы бар жиналмалы бір бағытты микрофон
- D. Дыбыс қаттылығын реттеу дөңгелегі
- E. Микрофонды сөндіргіш
- F. 3,5 мм құрама аудио- және микрофон ағытпасы

- Өнім туралы маңызды ақпарат

НЕ ҚАЖЕТ


Дыбысты тыңдау және микрофонды пайдалану

- Құлаққаптар және микрофонды қосу үшін 3,5 мм құрама ағытпасы бар құрылғылар*

** Жеке ағытпалары бар компьютерлер үшін дыбысты шығару және микрофонды қосу үшін аудио ұластырғыш қажет болуы мүмкін (жиынтыққа кірмейді).*

2. КЕПІЛДІК ТУРАЛЫ ОЙЛАЙТЫН УАҚЫТ КЕЛДІ

Сіз қолыңызда 2 жылға дейін шектелген кепілдікпен толықтырылған керемет құрылғыны. razerid.razer.com мекенжайы бойынша тіркеліп, сіз құрылғының атқарымын барынша кеңейте аласыз және Razer-ден эксклюзивті артықшылықтар ала аласыз.



Сұрақтар туындады ма? Razer қолдау қызметіне support.razer.com мекенжайы бойынша жүгініңіз

3. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

ҚҰЛАҚҚАПТАР

- Жиіліктер диапазоны: 20 Гц-тен 20 кГц дейін
- Кедергі: 1 КГц кезінде 32 Ом
- Сезгіштік* (1кГц кезінде) 107 дБ
- Динамиктер: 32 мм, неодим магниттері бар
- Қосылыс түрі: 3,5 мм аналогтық ағытпа
- Кабельдің ұзындығы: 1,3 м
- Шамамен салмағы: 70 г
- Бір құлаққаптағы амбушюр : жұмсақ көбікпен жасанды былғары

МИКРОФОН

- Жиілік диапазоны: 100 Гц — 10 кГц
- Сигнал-шу қатынасы: ≥ 55 дБ
- Сезімталдығы (1 кГц кезінде): -41 ± 3 дБ
- Бағыттылық диаграммасы: бір бағытты ЕСМ жылжымалы микрофоны


ІШТЕТІЛГЕН БАСҚАРУ ПУЛЬТІ

- Дыбыс қаттылығын реттеу аналогты дөңгелегі
- Микрофонды жылдам өшіру батырмасы

4. ГАРНИТУРАНЫ ПАЙДАЛАНУ


МИКРОФОН ДЫБЫСЫН ӨШІРУ

Оны өшіру немесе қосу үшін микрофонның ауыстырып-қосқышын жылжытыңыз



ДЫБЫС ДЕҢГЕЙІН РЕТТЕУ

Дыбыс қаттылығын ұлғайту немесе азайту үшін дыбыс қаттылығын реттегішті сағат тіліне қарсы немесе сағат тіліне қарсы бұраңыз



5. ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Razer Tetra пайдаланған кезде барынша қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін төменде келтірілген ұсынымдарды орындаған жөн.

Егер құрылғымен жұмыс жасаған кезде ақаулықтар туындаса және олар кеңес берілген әрекеттердің көмегімен түзету мүмкін болмаса, онда құрылғыны ажыратыңыз және техникалық көмек алу үшін Razer жедел желісіне қоңырау шалыңыз немесе support.razer.com веб-сайтына кіріңіз. Құрылғыны өз бетіңізше жөндеуге немесе оған қызмет көрсетуге тырыспаңыз.

Құрылғыны бөлшектемеңіз (бұл кепілдіктің күшін жояды). Құрылғыны стандарты емес тоқ жүктемесі кезінде пайдаланбаңыз.

Құлаққапты тақпас бұрын басшықты ұқыптап керіңіз. Бұл құрылымға түсетін жүктемені азайтуға көмектеседі. Басшықты тым қатты кермеуге тырысыңыз.

Құрылғыға сұйықтық тиіп кетуіне, ылғал немесе дымқылдың әсеріне жол бермеңіз. Құрылғыны және оның компоненттерін температуралардың ұйғарынды диапазонында ғана: 0°C-ден 40°C дейінгі температурада пайдаланыңыз. Егер температура осы диапазоннан шығып кеткен кезде құрылғыны сөндіріңіз, ашаны розеткадан алып шығыңыз және температура ұйғарынды деңгейде орнағанша күте тұрыңыз.

Дыбыстанудың дыбыс қаттылығы ұзақ уақыт ішінде аса жоғары болуы сіздің есту қабілетіңізге зиян келтіреді. Сонымен қатар, бірқатар елдерде дыбыстық қысымның деңгейі 8 сағат бойы 86 дБ аспауы тиіс деген заңнама белгіленген. Егер музыканы айтарлықтай ұзақ тыңдасаңыз, онда дыбыс қаттылығын жайлы деңгейге дейін азайтуға кеңес береміз. Есту қабілетіңізді сақтаңыз.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

Razer Tetra -ны жұмыс күйінде ұстау үшін ең аз техникалық қызмет көрсету қажет. Айына бір рет ластануды болдырмас үшін құрылғыны өшіріп, жұмсақ майлықпен тазалауды ұсынамыз. Сабынды немесе агрессивті тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз.

6. ЗАҢИ АҚПАРАТ

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР ЖӘНЕ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

© Razer Inc. 2019 ж. Патент қарастыру кезеңінде. Барлық құқықтар қорғалған. Razer, ұраны «For Gamers. By Gamers», «Powered by Razer Chroma» логотипі, үш басты жылан бейнеленген логотип және Razer логотипі Razer Inc. корпорациясының немесе оның АҚШ пен басқа елдердегі еншілес компаниялардың тіркелген тауарлық белгілері болып табылады. Барлық қалған белгілер тиісті иеленушілерге тиесілі. All other trademarks and trade names are the property of their respective owners and other company and product names mentioned herein may be trademarks of their respective companies.

Razer Inc. (“Razer”) компаниясының осы нұсқаулықта сипатталатын өнімге қатысты авторлық құқықтары, тауарлық белгілері, өндіріс құпиялары, патенттері, патенттерге өтінімдері немесе зияткерлік сипаттағы өзге (тіркелген немесе тіркелмеген) мүліктік құқықтары болуы мүмкін. Осы негізгі нұсқаулық көрсетілген авторлық құқықтардың кез-келгеніне, тауарлық белгілерге, патенттерге немесе өзге зияткерлік меншік құқықтарына қатысты лицензия емес. Razer Tetra («Өнім») қаптамадағы бейнелерден немесе өзге жағдайларда өзгеше болуы мүмкін. Razer компаниясы осындай өзгешеліктер үшін немесе кездесуі мүмкін қателер үшін жауап бермейді. Құжатта келтірілген барлық ақпарат кез келген уақытта, алдын ала хабарламай өзгертілуі мүмкін.

ӨНІМГЕ ШЕКТЕЛГЕН КЕПІЛДІК

Өнімге шектелген кепілдіктің қолданыстағы ең жаңа шарттары [razer.com/warranty](https://www.razer.com/warranty) сайтында келтірілген.

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

Razer компаниясы ұтылған пайда, жоғалған ақпарат немесе деректер үшін, сондай-ақ Өнімді тарату, сату, қайта сату, пайдалану кезінде немесе пайдалану мүмкін болмаған кезде кез-келген тәсілмен келтірілген арнайы, кездейсоқ, тура немесе жанама залал үшін ешбір жағдайда жауап бермейді. Razer Өнімнің бөлшектеп сату құнынан асып кететін шығындар үшін ешбір жағдайда жауап бермейді.

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Бұл шарттар Өнім сатып алынған аумақта қолданылатын жергілікті заңнамаға сәйкес реттелуі және түсіндірілуі тиіс. Егер осы шарттардың кез-келгені қате немесе жүзеге асырылмайтын болып есептелсе, онда шарт (қаншалықты қате немесе жүзеге асырылмайды деп есептелуіне байланысты) бөлек деп және қалған шарттардың заңды күшін бұзбайды деп есептелетін болады. Razer компаниясы кез келген уақытта алдын ала ескертусіз кез келген шарттарға өзгерістер енгізу құқығын өзінде сақтайды.

Razer құлаққаптары

Құрылғының тағайындалуы

Құлаққаптар — музыканы, сөйлеуді немесе басқа дыбыстық сигналдарды жеке тыңдауға арналған құрылғы.

Сақтық шаралары

1. Құрылғы құралымында ешқандай өзгерістер жасамаңыз.
2. Қысқаша тұйықталуды болдырмау үшін құрылғының кез келген сұйықтықтарға жанасуына жол бермеңіз, оның жанына сұйықтығы бар ашық сыйымдылықтарды қоймаңыз.
3. Құрылғыны электромагниттік сәулеленудің әсеріне ұшыратпаңыз.
4. Есту қабілетінің бұзылуын болдырмас үшін құлаққапты қауіпсіз дыбыс деңгейінде қолданыңыз.

Сипаттамалар

Құлаққаптар	Razer Kraken for Console	Razer Kraken X for Console	Razer Hammerhead USB-C ANC
Артикулы	RZ04-02830500-R3M1	RZ04-02890200-R3M1	RZ12-02780100-R3M1
Жиілік ауқымы	12 Гц — 28 кГц		20 Гц — 20 кГц
Сезімталдық	109 дБ		110 дБ
Кедергі	32Ω		
Сәуле шығарғыштар мембранасының диаметрі	50 мм	40 мм	10 мм
Кабельдің ұзындығы	1.3 м		1.2 м
Жалғағыш	2x jack 3.5 мм, jack 3.5 мм		USB Type-C
Микрофон сезімталдығы	-45 дБ		-40 дБ

Құлаққаптар	Razer Nari	Razer Nari Ultimate for Xbox One	Razer Tetra for PS4
Артикулы	RZ04-02680100-R3M1	RZ04-02910100-R3M1	RZ04-02920200-R3G1
Жиілік ауқымы	20 Гц — 20 кГц		
Сезімталдық	107 дБ	108 дБ	107 дБ
Кедергі	32Ω		
Сәуле шығарғыштар мембранасының диаметрі	50 мм		32 мм
Кабельдің ұзындығы	1.3 м		
Жалғағыш	jack 3.5 мм	USB	jack 3.5 мм
Микрофон сезімталдығы	-40 дБ		-41 дБ

Құлаққаптар	Razer Thresher for PS4	Razer Thresher 7.1 for PS4	Razer Thresher 7.1 for Xbox One
Артикулы	RZ04-02580100-R3G1	RZ04-02230100-R3M1	RZ04-02240100-R3M1
Жиілік ауқымы	12 Гц — 28 кГц		
Сезімталдық	105 дБ		
Кедергі	32Ω		
Сәуле шығарғыштар мембранасының диаметрі	50 мм		
Кабельдің ұзындығы	1.3 м	2м	
Жалғағыш	jack 3.5 мм	USB	USB
Микрофон сезімталдығы	-38 дБ	-42 дБ	

Сақтау, тасымалдау (көшіру), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын орынжайларында ауа температурасы 5 °С бастап 40 °С дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Орынжайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмау керек.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Бұйымның қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін, оны әдеттегі тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгі қайта өңдеу мен кәдеге жарату үшін тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жарату керек. Осы бұйымды кәдеге дұрыс жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін нұқсанның алдын аласыз. Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.
- Құрылғыны іске асыру РФ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғыны ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғы ақаулығын анықтаған кезде дереу авторластырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Рэйзэр Тэкнолоджи энд Дивелопмент (Шэньчжэнь) Ко., Лтд.
Шығ.қанат, 3-қабат, 2-ғим. , Вижэн Шэньчжэнь Бизнес паркі Оңтүстік Кэцзи тас жолы 1- қанат, Жоғары Технологиялар Өнеркәсіп паркі, Шэньчжэнь, Қытай.

Қытайда жасалған.

Өндірушінің филиалы: Рэйзэр (Ероп) ГМБХ.
Эссенер Боген 23, 22419, Гамбург қ., Германия.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Өндірушінің уәкілетті тұлғасы: «О-СИ-ЭС-ЦЕНТР» ЖШҚ.
108811, Ресей, Мәскеу қаласы, 22-ші километр Киев Тас жолы (Московский кенті, 6 иеліктегі үйі, 1-құрылыс, 7-бөлме.

Тауар «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» ЕЭО КР 037/2016 Еуразиялық экономикалық одағының кедендік регламенті талаптарына сәйкес келеді.

Кепілдік мерзімі: 24 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

